

## Рудный қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдау тарифтері туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 659 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 маусымда № 6485 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 785 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 18.08.2023 № 785 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес, Рудный қалалық мәслихатының 2016 жылғы 10 маусымдағы № 34 "Тарифтерді келісу туралы" шешімі негізінде Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жолаушылар мен багажды қалалық қатынаста автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифі барлық маршруттар үшін бірыңғай 100 теңге көлемінде белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 19.04.2022 № 487 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Қала маңы қатынасында жолаушылар мен багажды тасымалдау қашықтығына қарай автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Рудный қаласы әкімдігінің "Рудный қаласында жолаушылар мен багажды қалалық автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы" 2012 жылғы 29 маусымдағы № 928 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-2-216 болып тіркелген, 2012 жылғы 3 тамызда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімінің коммуналдық мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қала маңы қатынасында жолаушылар мен багажды тасымалдау қашықтығына қарай автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифтері**

| № р/р | Маршруттың нөмірі атауы/ | Қашықтық (км) | Жол жүру құны |
|-------|--------------------------|---------------|---------------|
| 1     | 17, 18, 18а              | 13,5          | 70            |
| 2     | 19, 19а                  | 14,7          | 80            |
| 3     | 23, 23а                  | 18,5          | 90            |
| 4     | 28                       | 19            | 95            |
| 5     | 33                       | 9,3           | 65            |
| 6     | Рудный - Ломоносовка     | 15            | 100           |
| 7     | Рудный - Ульяновка       | 25            | 165           |
| 8     | Рудный - Бегежан         | 48            | 320           |
| 9     | Бегежан - Ульяновка      | 23            | 155           |
| 10    | Бегежан - Ломоносовка    | 33            | 220           |
| 11    | Ломоносовка - Ульяновка  | 10            | 70            |
| 12    | Рудный - Белозерка       | 38            | 255           |
| 13    | Рудный - Балықты         | 19            | 130           |
| 14    | Рудный - Сергеевка       | 9,5           | 65            |
| 15    | Рудный - Константиновка  | 19            | 130           |
| 16    | Рудный - Перцев          | 15            | 100           |
| 17    | Рудный - Юбилейный       | 9,5           | 65            |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК